

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 197 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 шілдеде № 11722 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Кіріспе жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызмет туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-25) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 05.05.2020 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау және оған сертификат беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Б.К. Сейдахметов):

1) осы бұйрықты заңнамамен бекітілген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымында және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Құқықтық ақпарат республикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорына "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға көшірмелерін жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

Е.А. Досаев _____

2015 жылғы 18 маусым

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының
2015 жылғы 24 ақпандағы
№ 197 бұйрығымен
бекітілген

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау және оған сертификат беру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 597 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау және оған сертификат беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 14-бабы 1-тармағының 41-25) тармақшасына, сондай-ақ 48-бабына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына және

азаматтық авиация саласындағы халықаралық ұйымдардың авиациялық стандарттарына сәйкес әзірленген (бұдан әрі - ИКАО).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 05.05.2020 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидалар азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау, сертификат беру тәртібін, "Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін, сондай-ақ шетелдік ұйымдардың авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі сертификаттарын тану тәртібін айқындайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 05.05.2020 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификаты (бұдан әрі – сертификат) иеліктен шығарылмайтын болып табылады және басқа тұлғаға берілмейді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.09.2022 № 524 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификаты осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі жылға беріледі.

Сертификаттың қолданылу саласы өзгерген кезде сертификат бұрын берілген (ағымдағы) сертификаттың қолданылу мерзіміне беріледі.

Жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін сертификат жарамсыз болып саналады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.09.2022 № 524 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттауды (бұдан әрі – сертификаттау) және сертификат беруді азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым жүзеге асырады.

6. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) авиациялық техника – әуе кемесі, әуе кемесінің қозғалтқышы, әуе кемесінің әуе винті немесе оларға компонент орнатуға арналған;

2) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның рәсімдері жөніндегі басшылық – техникалық қызмет көрсету жөніндегі ұйымның басшысы бекіткен және техникалық қызмет көрсету жөніндегі ұйымның

құрылымы және оның басшылығының міндеттері, орындалатын жұмыстар саласы, өндірістік база, техникалық қызмет көрсету рәсімдері және сапаны қамтамасыз ету немесе инспекциялық тексерулер жүйелері туралы егжей-тегжейлі ақпаратты қамтитын құжат;

3) жөндеу – авиациялық техниканың ұшу жарамдылығының тиісті нормаларына сәйкес бұзылғаннан немесе тозғаннан кейін оларды қалпына келтіру.

4) сапа жүйесі – авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу сапасына әкімшілік басқаруды жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық құрылымның, құжаттамалық әдістемелердің, процестер мен ресурстардың жиынтығы;

5) техникалық қызмет көрсету – әуе кемесінің, қозғалтқыштың, әуе винтінің немесе тиісті бөлігінің ұшу жарамдылығын қолдау үшін қажетті авиациялық техникада бақылау қалпына келтіру жұмыстарын, тексерулерді, алмастыруларды қоса алғанда, жеке де, үйлесімде де орындалатын ақауларды жою жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ модификациялауды немесе жөндеуді іс жүзінде жүзеге асыру;

6) ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі – қажетті ұйымдық құрылымды, жауапкершілік иерархиясын, басшылық қағидаттары мен рәсімдерді қоса алғанда, ұшу қауіпсіздігін басқаруға жүйелі көзқарас.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.09.2022 № 524 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау үшін "Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясы саласындағы төлемдерді алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 24 наурыздағы № 177 бұйрығымен (бұдан әрі – Азаматтық авиация саласында төлемдер алу қағидалары) (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32120 болып тіркелген) айқындалған тәртіппен төлем алынады.

Төлемақы мөлшері "Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы көрсетілетін қызметтерінің тізбесін және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 167 бұйрығымен айқындалады (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32089 болып тіркелген) (бұдан әрі - Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы қызметтерінің тізбесі және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелері).

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау уәкілетті ұйымның бюджетіне төлем түскеннен кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-1. Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификаты:

жоспарлы сертификаттау кезінде (бастапқы немесе бұрын берілген сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін);

ұйым сертификатының қолданылу аясын өзгерту қажет болған жағдайда беріледі.

Ескерту. 7-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 05.05.2020 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-тарау. Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша сертификаттауды жүргізу және сертификатын беру тәртібі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсететін және жөндейтін ұйымның сертификатын алуға/тануға арналған өтінімді (бұдан әрі – өтінім), осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның басшы құрамы туралы мәліметтерді осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес "Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беру" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі – Тізбе) көзделген құжаттар топтамасымен бірге жібереді.

Тізбе мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтиды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 14.03.2023 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-1. Өтініш берушінің портал арқылы "жеке кабинетіне" жіберген кезде, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алудың күнін, орнын көрсету мен мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Ескерту. 8-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 05.05.2020 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-2. Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша өтінішті тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 05.05.2020 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Сертификаттау мерзімі өтінім уәкілетті ұйымға келіп түскен күнінен бастап 22 (жиырма екі) жұмыс күнінен аспайды. Авиация инспекторларымен қосымша зерделеуді немесе тексеруді жүргізу қажет болған жағдайларда, қарау мерзімі 22 (жиырма екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін, бұл туралы қарау мерзімін ұзарту туралы шешім қабылданған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінім берушіге хабарланады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

9-1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-1. Уәкілетті ұйым құжаттарды, олар келіп түскен күні тіркейді.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы, пайдаланушы сертификаты, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік, ұшуды орындау құқығына куәлік туралы мәліметтерді азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның сертификаттарын беру үшін уәкілетті ұйым "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Өтініш берушілерден ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.

Ескерту. 9-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 05.05.2020 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

9-2. Өтініш беруші Тізбенің 8-тармағымен көзделген құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, уәкілетті ұйым өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Ескерту. 9-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 05.05.2020 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 14.03.2023 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

10. Өтініш беруші Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, ұсынылған құжаттар Заңның және ИКАО авиациялық стандарттарының талаптарына сәйкестігіне тексеріледі, оның нәтижелері бойынша порталға өтініш берушінің "жеке кабинетіне" құжаттарды қабылдаған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей сертификаттық тексерудің кезеңі мен тексеру үшін тағайындалған авиациялық инспектордың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіле отырып, сертификаттық тексеру жүргізу туралы хабарлама жіберіледі. Сертификаттау рәсімінде өзгерістер болған жағдайда тексеру басталғанға дейін өтініш берушіге "жеке кабинет" қосымша ақпарат жіберіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 14.03.2023 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Сертификаттық зерттеп-қарауды авиация инспекторлары жүзеге асырады, олардың міндеттеріне әуе кемелерін пайдалану, техникалық қызмет көрсету және ұшу жарамдылығын ұстау мәселелері кіреді.

Сертификаттық зерттеп-қарау 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.

12. Сертификаттық зерттеп-қарау осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйым қызметінің мәлімделген салаларына және ұйымның сипаттамаларына қарай жүргізіледі.

Сертификаттық зерттеп-қарауды Қазақстан Республикасының заңнамасына, Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасына сәйкес әзірленген авиациялық инспекторлары үшін нұсқамалық материалды пайдалана отырып, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымы жүзеге асырады.

13. Сертификаттық зерттеп-қарау кезінде ұйымдардың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 196 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12045 болып тіркелген) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу ұйымдарына қойылатын сертификаттық талаптарға (бұдан

әрі – сертификаттық талаптар) сәйкестігін растауға мүмкіндік беретін тексеру рәсімдері іске асырылады.

14. Сертификаттық тексеру нәтижелері бойынша авиациялық инспекторлар осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сертификаттық тексеру актісін өтініш берушінің объектілерінің нақты жай-күйін, қорытындыларды, ұсынымдарды және сертификат беру мүмкіндігі (мүмкінеместігі) туралы қорытындыны көрсете отырып, екі данада жасайды, оған аяқталғаннан кейін авиациялық инспекторлар қол қояды және танысу үшін өтініш берушіге ұсынылады.

Сертификаттық тексеру кезінде анықталған сәйкессіздіктер үш деңгейге бөлінеді:

1) 1-деңгей – қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіретін сертификаттау талаптарына сәйкес келмеуі;

2) 2-деңгей – уәкілетті ұйыммен келісілген мерзімдерде жойылған немесе шектеулер енгізілген жағдайда қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін сертификаттау талаптарына сәйкес келмеуі;

3) 3-деңгей-қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін және өндірісті жетілдіру кезінде оны жоюға жататын сертификаттау талаптарына сәйкессіздік.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 14.03.2023 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. 1-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкессіздіктер өтініш берушінің техникалық және қаржылық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өтініш берушінің адам өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмауымен сипатталады.

1-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкес келмеген кезде Уәкілетті ұйым сертификат беруден бас тартады не өтініш беруші анықтаған сәйкессіздіктер жойылған сәтке дейін Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен сертификаттың қолданылуын шектейді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 14.03.2023 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. 2-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті ұйым:

1) анықталған сәйкессіздікті жою үшін ол анықталған сәттен бастап үш айдан аспайтын мерзімге келіседі. Өтініш беруші анықталған сәйкессіздікті жою жөніндегі 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түзету іс-қимылдарының жоспарын әзірлейді және сертификаттық тексеру нәтижелерімен танысқан сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйымға келісуге ұсынады;

2) анықталғандарды жою бойынша өтініш беруші ұсынған шараларды бағалау негізінде сәйкессіздіктер, түзету іс-қимылдарының жоспарын келіседі немесе оны негіздемемен пысықтауға қайтарады.

Түзету іс-қимылдарының жоспарында көрсетілген мерзімді Уәкілетті ұйым өтінім беруші оны өзгерту қажеттігі туралы негіздеме ұсынған жағдайда ұзартады.

Өтініш беруші осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген мерзімде түзету іс-қимылдарының қолайлы жоспарын ұсынбаған жағдайда, Уәкілетті ұйым сертификат беруден бас тартады.

Қолайлы түзету жоспары себептерді жою және сәйкессіздіктердің қайталануын болдырмау әрекеттерін қамтиды.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 14.03.2023 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Уәкілетті ұйым қайта тексеру жүргізу арқылы ұсынылған түзету іс-қимылдарының жоспарына сәйкес өтініш берушінің сәйкессіздіктерді жоюына бақылауды жүзеге асырады.

Егер өтініш беруші түзету әрекеттерін келісілген мерзімде орындамаса, 2-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкес келмеуі 1-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкес келмейді және Уәкілетті ұйым бұрын берілген сертификатты кері қайтарып алады не шектейді.

3-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкес келмеген жағдайда түзету іс-қимылдарының жоспары талап етілмейді. Осы сәйкессіздіктер келесі жоспарлы инспекцияға немесе сертификаттауға дейін жойылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 14.03.2023 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17-1. Сертификаттық зерттеп-қарау актісі негізінде және қосымша зерделеуді немесе тексеруді жүргізу қажет болмаған жағдайларда уәкілетті ұйым авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын не Тізбенің 9-тармағымен көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы жауапты рәсімдейді және уәкілетті ұйымның уәкілетті адамының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің порталдағы "жеке кабинетіне" жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда, уәкілетті ұйым өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні және орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау қорытындылары бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырылады.

Ескерту. 17-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 05.05.2020 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 14.03.2023 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

17-2. Өтініш беруші осы Қағидалардың 9-2-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсету бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту себептерін жойған жағдайда, өтініш беруші мемлекеттік қызметті алу үшін қайта өтініш бере алады.

Ескерту. 17-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 05.05.2020 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 03.11.2020 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

18. Уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне "Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беру" мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) бекітілген мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметтер көрсету сатысы туралы деректерді енгізу Қағидаларына сәйкес қамтамасыз етеді.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік үш күн ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, мемлекеттік қызмет берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 14.03.2023 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Уәкілетті ұйымның әкімшілік актіні әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен қабылдауға байланысты әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

19-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өтініш берушінің шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

уәкілетті ұйымның – оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауына жатады.

Шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті ұйымға және (немесе) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғаға, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылданса, уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, лауазымды адам, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

20-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Уәкілетті ұйымның, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы жазбаша түрде (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық нысанда берілген кезде) хабарлайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге ҚР ӘРПК-нің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Азаматтық авиацияның авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу сертификатының қолданылуын тоқтату және кері қайтару

21. Уәкілетті ұйым мынадай жағдайларда:

1) ұйымның сертификаттық талаптар мен шектеулерді сақтамауы;

2) ұйымның "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін техникалық пайдалану және оларды жөндеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 551 бұйрығын (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11573 болып тіркелген) сақтамауы;

3) Заңның 16-3-бабының ережелеріне сәйкес немесе инспекциялық тексеру кезінде белгіленген ұшу қауіпсіздігіне әсер ететін бірінші деңгейдегі бұзушылықтар анықталған;

4) ұйымның жазбаша өтінімі болған жағдайда сертификаттың қолдануын тоқтатады

22. Сертификаттың қолданысын тоқтатқан немесе қайтарып алған жағдайда уәкілетті ұйым 3 (үш) жұмыс күні мерзімінде қабылданған шешім туралы ұйымға хабарлайды.

23. Егер ұйым түзету іс-қимылдарының жоспарымен белгіленген мерзімдер сертификаттың қолданылуын тоқтатуға әкелетін сәйкессіздіктерді және (немесе) бұзушылықтарды жоймаған жағдайда уәкілетті ұйым оны қайтарып алады. Ұйым сертификатты кері қайтару кезінде хабарламаны алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйымға (азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұрын берілген) оның түпнұсқасын қайтарады.

Ескерту. 23-тармаққа орыс тілінде өзгеріс енгізіледі, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 03.11.2020 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Сертификаттың қолданысы тоқтатылған жағдайда оны жаңарту ұйым құжаттаманы растайтын қосымшамен бірге, жоспармен белгіленген мерзімде түзету іс-қимылдарының жоспарын орындағаннан кейін жүзеге асырады.

Ұйымның түзету іс-қимылдары туралы жоспарын орындауын уәкілетті ұйым тексеру арқылы белгілейді.

25. Уәкілетті ұйым тексеруді аяқтаған сәтінен бастап ұйымды 3 (үш) жұмыс күні ішінде сертификаттың қолданысын жаңарту немесе жаңартудан бас тарту бойынша шешім туралы жазбаша хабардар етеді.

4-тарау. Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі сертификатына өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу тәртібі

26. Сертификатқа өзгерістер енгізу үшін ұйым уәкілетті ұйымға бұрын берілген сертификаттың қосымшасымен еркін нысанда өтінімді уәкілетті ұйымға береді.

Бұрын берілген сертификат оны жою тәсілін көрсете отырып еркін нысанда жою актісіне сәйкес жойылуға жатады.

27. Сертификатқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар мынадай жағдайларда енгізіледі:

1) ұйымның атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны немесе заңды және нақты мекенжайы өзгерген жағдайда;

2) сертификаттың қолданылу саласын өзгерту.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.09.2022 № 524 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Сертификатқа өзгерістер енгізу мерзімі:

1) ұйымның атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны немесе заңды және нақты мекенжайы өзгерген жағдайларда – бес жұмыс күні;

2) сертификаттың қолданылу саласы өзгерген жағдайда – жиырма екі жұмыс күні.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.09.2022 № 524 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Сертификаттың қолданылу саласын кеңейту кезінде өтініш беруші уәкілетті ұйымға азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын алу үшін осы Тізбенің 8-тармағымен көзделген құжаттарды жібереді.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 14.03.2023 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі шетелдік ұйымдардың сертификаттарын тану

30. Шет мемлекеттердің авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі сертификатталған ұйымдары (бұдан әрі – шетелдік ұйымдар) олардың сертификаттарын уәкілетті ұйым толық/ішінара танығаннан кейін техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмыстарға жіберіледі.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 14.03.2023 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30-1. Шетелдік ұйымдардың сертификаттарын тану мынадай жұмыс түрлерін орындау кезінде талап етіледі:

- 1) әуе кемелеріне мерзімді техникалық қызмет көрсету және жөндеу;
- 2) тұрақты негізде шарттар жасасу кезінде әуе кемелеріне жедел техникалық қызмет көрсету.

Ескерту. Қағида 30-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 03.11.2020 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

31. Шетелдік ұйымдардың сертификаттарын тану тәртібі шетелдік ұйымдарға, егер сертификат берілген талаптар ИКАО талаптары мен стандарттарына және Қазақстан Республикасында қолданыстағы сертификаттау талаптарына сәйкес келген жағдайда қолданылады.

32. Шетелдік ұйымдардың авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі сертификаттарын тануды (бұдан әрі – сертификатты тану) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Шетелдік ұйымдардың авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі сертификаттарын тану туралы шешім түрінде (бұдан әрі – Сертификатты тану туралы шешім) уәкілетті

ұйым рәсімдейді, онда шетелдік ұйым көрсетіледі, онда сертификат танылады және Сертификатты тану туралы шешімнің қолданылу мерзімін белгілейді.

33. Шетелдік ұйымдардың сертификаты уәкілетті ұйымымен оны қолданудың барлық мерзімінде танылады.

34. Сертификатты тану туралы шешімді алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын алуға/тануға арналған өтінімді (бұдан әрі – тануға арналған өтінім) жібереді.

Тануға арналған өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) шетелдік ұйым сертификатының көшірмесі;
- 2) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді ұйымдастыру рәсімдері жөніндегі нұсқаулық қазақ не орыс немесе ағылшын тілдерінде

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 03.11.2020 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Ұсынылған құжаттарды қарау процесінде уәкілетті ұйым осы ұйымды сертификаттауды жүзеге асырған шет мемлекеттің авиациялық әкімшілігі берген шетелдік ұйым сертификатының жарамдылығына куәландырылады, сондай-ақ шетелдік ұйымның уәкілетті ұйымының авиациялық инспекторы (-лары) сертификаттау талаптарына сәйкестігі тұрғысынан көшпелі тексеру жүргізеді.

Шетелдік ұйымдарды көшпелі тексеру мынадай жағдайларда талап етілмейді:

- 1) жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде;
- 2) Еуропалық ұшу қауіпсіздігі агенттігі (EASA) немесе EASA-ға қатысушы елдердің және Ұлыбританияның авиациялық билігі сертификаттаған ұйымдарда мерзімді техникалық қызмет көрсетуді орындау кезінде.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Шетелдік ұйымдардың сертификатын тану Халықаралық азаматтық авиация ұйымының ИКАО талаптары мен стандарттарына сәйкес әзірленген нұсқамалық материалды пайдалана отырып, шетелдік ұйымның мәлімделген қызмет саласына қатысты жүзеге асырылады.

37. Сертификатты тану және сертификатты тану туралы шешімді беру рәсімдерінің жалпы мерзімі 22 (жиырма екі) жұмыс күнін құрайды.

Қажетті ақпаратты зерделеу, тексеру немесе алу үшін қосымша уақыт қажет болған жағдайда өтінімді қарау мерзімі 22 (жиырма екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге

ұзартылады, бұл туралы тануға өтінімді беруші қарау мерзімін ұзарту туралы шешім қабылданған сәтінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінім берушіге хабарлайды.

38. Сертификатты тану туралы шешім ұсынылған құжаттар және жүргізілген сертификаттық тексеру негізінде беріледі. Уәкілетті ұйым тануға өтінімді алған сәттен бастап 22 (жиырма екі) жұмыс күні ішінде сертификатты тану туралы шешімді беруді немесе беруден дәлелді бас тартуды жүзеге асырады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 03.11.2020 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Уәкілетті ұйым мынадай:

1) сертификатты және (немесе) оларда қамтылған деректерді (мәліметтерді) тану туралы шешімді алу үшін өтінім берушінің ұсынған құжаттардың анық еместігін белгіленген;

2) өтінім берушінің және (немесе) Сертификатты тану туралы шешімді беру үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидалармен немесе сертификаттық талаптармен белгіленген талаптарға сәйкессіздігі жағдайларында өтінім берушіге Сертификатты тану туралы шешімді беруден бас тартады.

40. Сертификатты тану туралы шешім бүлінген немесе жоғалған (ұрланған) жағдайда көрсетілген құжаттың қолданысы тоқтатылады. Сертификатты тану туралы шешімнің телнұсқасын алу үшін өтінім беруші уәкілетті ұйымға еркін нысанда өтінім жібереді.

41. Уәкілетті ұйым өтінімді алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні мерзімінде Сертификатты тану туралы шешімнің телнұсқасын өтінім берушіге береді, онда оң жақ жоғары бұрышында "Телнұсқа" деген белгісі қойылады.

Азаматтық авиацияның
авиациялық техникасына
техникалық қызмет
көрсету және оны жөндеу
жөніндегі ұйымды
сертификаттау және
сертификат беру қағидаларына
1-қосымша

Таңба Уәкілетті ұйымның атауы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 03.11.2020 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы азаматтық авиация саласындағы	Наименование уполномоченной организацией в сфере	Name of Civil Aviation Authorized Organization Republic of
---	---	---

уәкілетті ұйымының атауы, адресі, телефоны, e-mail, Интернет адресі	гражданской авиации Республики Казахстан, адрес, телефон, e-mail, Интернет адрес	Kazakhstan Address, telephone, e-mail, the Internet address
--	--	--

**Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу
жөніндегі ұйымның сертификаты Сертификат организации по техническому обслуживанию
и ремонту
авиационной техники Certificate of Aircraft Maintenance Organization № _____**

20__ ж " __ " ____ берілді. Выдан " __ " ____ 20__ г. Date of issue " __ " ____ 20__	Қолданылу мерзімі 20__ жылғы " __ " ____ дейін Срок действия до " __ " __ 20__ г. Valid till " __ " ____ 20__
Ұйымның атауы: Наименование организации: Name of Organization:	
Занды мекенжайы: Юридический адрес: Legal address:	
Өндірістік қызмет орны: Место производственной деятельности: Place of production:	

Осы Сертификат авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйым сертификаттау талаптарына және техникалық қызмет көрсететін ұйымның қызметі жөніндегі нұсқауына сәйкес келетінін куәландырады.

Сертификатты Сертификаттық тексеру актісінің негізінде

берді.

(азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның атауы)

20__ жылғы " __ " ____ № _____

Инспекциялық бақылауды _____ жүзеге асырады.

(азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның атауы)

Настоящий сертификат удостоверяет, что организация по техническому обслуживанию и ремонту авиационной техники соответствует сертификационным требованиям и соблюдает процедуры Руководства по процедурам организации технического обслуживания и ремонту авиационной техники.

Сертификат выдан на основании акта сертификационного обследования

_____ от " __ " ____ 20__ г. № _____

(наименование уполномоченной организации в сфере гражданской авиации)

Инспекционный контроль осуществляет

(наименование уполномоченной организации в сфере гражданской авиации)

This certificate confirms that the organization for maintenance and repair of aircraft meets the certification requirements and follows the procedures Manual for the procedures for the organization of maintenance and repair of the aviation equipment.

The certificate was issued in accordance with inspection act

20____ Date of issue "____" ____

(Name of Civil Aviation Authorized Organization Republic of Kazakhstan)

Inspection control exercises

(Name of Civil Aviation Authorized Organization Republic of Kazakhstan)

Уәкілетті ұйымың қызметшісі немесе оның уәкілеттік берген тұлғасы Служащий уполномоченной организации либо лицо, им уполномоченное Employee authorized organization or Employee authorized by him

Авиациялық техникаға
техникалық қызмет көрсету
және оны жөндеу жөніндегі
ұйымның сертификатына
қосымша
№ _____

Сертификаттың қолданылу аясы

Класс/Class	Рұқсат беру /Rating		Шектеулер / Limitation	Мерзімді техникалық жұмыстар /Line maintenance	Жедел техникалық жұмыстар /Base maintenance
	Категория	Авиациялық техника түрі немесе жұмыс түрі			
Әуе кемелері / Aircraft					
Авиациялық қозғалтқыштар / Engines					
Қадамдық авиациялық қозғалтқыштарды және жиынтықтағы қосалқы күштік қондырғыны қоспағанда, компоненттер /Components other than complete engines are APUs				Американың әуе көлігі қауымдастығын ың коды /ATA Cods	
Арнайы жұмыс түрлері / Specialised Services					

Сертификаттың қолданылу саласы авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның рәсімдері жөніндегі бекітілген басшылыққа сәйкес техникалық қызмет көрсету бойынша орындалатын жұмыстардың көлемімен шектеледі.

Certificate scope is limited to the work scope in accordance with the approved Maintenance organization exposition Руководство по процедурам организации по техническому обслуживанию и ремонту авиационной техники/ Maintenance organisation exposition Ссылочный номер/ Reference number Дата и номер изменения/ Date & revision number

Уәкілетті ұйымның қызметшісі не ол уәкілеттік берген тұлға

Employee authorized organization or Employee authorized bym

Азаматтық авиацияның
авиациялық техникасына
техникалық қызмет көрсету
және оны жөндеу жөніндегі
ұйымды сертификаттау және
сертификат беру қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын алуға/тануға өтінім Application for receipt / recognition of a Certificate of an Organization for maintenance and repair of Civil Aviation Aircraft

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 03.11.2020 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның атауы /
2. Name of the Organization (MRO): _____
3. Ұйымның тіркеу орны және тіркеу нөмірі (шифр)/
4. Place of registration of the Organization and registration number (code): _____
5. Өндірістік базаның орналасқан жері /
6. Location of the Base: _____
7. Пошталық мекенжайы / Postal address: _____
8. Телефон/
Phone: _____
9. Телеграф/
10. Telegraph: _____
11. Факс/
12. Fax: _____
13. Есеп айырысу шоты /

Payment account: _____

14. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)/

15. Business identification number (BIN): _____

16. Электрондық мекен-жайы /

e-mail: _____

17. Өтінім беру себебі (қажеттісінің астын сызу)/

Reason for submitting the application (underline):

• АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның сертификатын алуға бастапқы өтінім /Initial Application for the Certificate of the Organization (MRO);

• АТ ТҚ және Ж бойынша жұмыстар түрлерінің (кешендерінің) тізбесін толықтыру /Addition to the list of work types (complex) of MRO;

• авиациялық техника типтерінің тізбесін толықтыру /Addition to the list of types of Aircraft;

• кезекті мерзімге сертификаттау /Certification for the next term;

• АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның сертификатын қайтарып алғаннан/жойғаннан кейін сертификаттау /Certification after revocation/cancellation of the Certificate of the MRO;

• АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның негізгі деректерін өзгерту / Change of the main data of the Organization (MRO);

• басқа да себептер / other reasons (specify).

18. Өтінімнің мазмұны/The content of the Application.

Мен, төменде қол қойғанмын,

(Ұйым басшысының Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса))

бекітілген Жарғы (Ереже) негізінде

(тіркелген) _____ (күні) _____

техникалық қызмет көрсету жөніндегі ұйымды сертификаттауды жүргізуді және мынадай авиациялық техниканы орындау құқығына төменде көрсетілген қызмет нысандары/I, the undersigned,

(Surname Name Patronymic of the Accountable Manager (if any) of the Organization (MRO))

acting on the basis of the Charter (Regulation) approved

(registered) _____ (date) _____

kindly requesting to certify the organization for maintenance and

repair of Aircraft for the right to perform the following scope of work:

--	--	--	--	--

Класс/Class	Рұқсат беру /Rating		Шектеулер / Limitations	Мерзімді техникалық жұмыстар /Base maintenance	Жедел техникалық жұмыстар /Line maintenance
	Категория/ Category	Авиациялық техника түрі немесе жұмыс түрі /Type of Aircraft or type of work			
Әуе кемелері / Aircraft					
Авиациялық қозғалтқыштар / Engines					
Қадамдық авиациялық қозғалтқыштарды және жиынтықтағы қосымша қуатты қондырғыны қоспағанда, бөлшектелген компоненттер /Components other than engines and APU					Американың әуе көлігі қауымдастығының коды /ATA Codes
Арнайы жұмыс түрлері / Specialised Services					

19. Өтініш беруші Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы заңнамасының талаптарын таниды және орындауға міндеттенеді / The applicant recognizes and undertakes to comply with the requirements of the legislation of the Republic of Kazakhstan in the field of use of air space and aviation activities.

20. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуге жауапты Басшы құрам / Management team responsible for the maintenance of Aircraft:

Лауазымы / Position	Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)/ Surname Name Patronymic (if any)	Қолы / Signature
АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның басшысы / Accountable Manager of the Organization (MRO)		
Сапаны бақылау (кепілдік) бөлімшесінің басшысы / Quality Manager of the Organization (MRO)		

Азаматтық авиацияның
авиациялық техникасына
техникалық қызмет көрсету
және оны жөндеу жөніндегі
ұйымды сертификаттау және
оған сертификат беру
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның басшы құрамы туралы мәліметтер

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 05.05.2020 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның бағаны

Басқару персоналын көрсету:

Басшы	Инженерлік-авиациялық қызметтің басшысы (азаматтық әуе кемеінің пайдаланушысы үшін)	Сапаны бақылау басшысы
-------	---	------------------------

2. Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда):

3. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның лауазымы:

4. Азаматтық авиация саласындағы біліктілік:

5. Азаматтық авиация саласындағы жұмыс тәжірибесі:

6. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның атауы:

7. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйым сертификатының нөмірі:

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Азаматтық авиацияның
авиациялық техникасына
техникалық қызмет көрсету
жөніндегі ұйымды
сертификаттау және оған
сертификат беру қағидаларына
3-1-қосымша

"Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу ұйымына сертификат беру" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Ескерту. 3-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 05.05.2020 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 14.03.2023 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" акционерлік қоғамы
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" веб-портал
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	1. Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беру мерзімі - 22 (жиырма екі) жұмыс күні. Авиациялық инспекторлардың қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу жағдайларында қарау мерзімі 22 (жиырма екі) жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін, бұл туралы қарау мерзімін ұзарту туралы шешім қабылданған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге хабарланады. 2. Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу мерзімі: 1) ұйымның атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны немесе заңды және нақты мекенжайы өзгерген жағдайда - 5 (бес) жұмыс күні; 2) сертификаттың қолданылу саласы өзгерген жағдайда - 22 (жиырма екі) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беру, авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатына өзгерістер енгізу немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу ұйымына сертификат беру – "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы қызметтерінің тізбесіне және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелеріне сәйкес ақылы.
7	Уәкілетті ұйымның жұмыс кестесі	1) Уәкілетті ұйым – Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне (бұдан әрі-Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.00-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін. 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (өтініш беруші Жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Уәкілетті ұйымға қызмет көрсету шарттары 1) уәкілетті ұйымның интернет-ресурсында 2) порталда орналастырылған www.egov.kz.
		Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын алу үшін: 1) азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын алуға/тануға өтінім: авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның рәсімдері

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

жөніндегі нұсқаудың электрондық көшірмесі;

авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның басшы құрамы туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі;

уәкілетті ұйымның қызметі үшін төлемді растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

2) азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу үшін :

еркін нысандағы өтінім;

ақпараттық жүйеде мәліметтер болмаған жағдайда, азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның бұрын берілген сертификатының электрондық көшірмесі;

уәкілетті ұйымның қызметі үшін төлемді растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым " электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің заң талаптарына және ИКАО авиациялық стандарттарына сәйкес келмеуі;

9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы; 4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.
10	Мемлекеттік қызмет көрсетуді ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін өзге де талаптар	Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурста орналастырылған: "Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" акционерлік қоғамы www.caakz.com Көрсетілетін қызметті алушының алу мүмкіндігі бар: ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызмет көрсету; Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8 800 080 7777.

Азаматтық авиацияның
авиациялық техникасына
техникалық қызмет көрсету
және оны жөндеу жөніндегі
ұйымды сертификаттау және
оған сертификат беру
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Азаматтық авиацияның техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу (АТ ТҚ және Ж) ұйымының сертификатын алуға арналған өтінім бойынша шешім 20____жылғы "____" _____ №_____

Ескерту. 4-қосымша алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 03.11.2020 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Азаматтық авиацияның
авиациялық техникасына
техникалық қызмет көрсету
және оны жөндеу жөніндегі
ұйымды сертификаттау және
оған сертификат беру
қағидаларына
5-қосымша

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның қызмет аясы

Класс	Рұқсат		Шектеулер	Кезеңдік техникалық қызмет көрсету	Жедел техникалық қызмет көрсету
	Санаты	Авиациялық техниканың үлгісі немесе жұмыс түрі			
Әуе кемелері	A1	5700 кг астам ұшатын ұшақтар	Әуе кемесінің үлгісі немесе тобы, әзірлеушілері, отбасылығы және/ немесе орындалатын техникалық қызмет көрсету түрлері көрсетіледі		
	A2	Массасы 5700 кг аспайтын ұшатын ұшақтар			
	A3	Тікұшақтар			
	A4	A1, A2 және A3 санаттарына қатысы жоқ әуе кемелері			
Авиациялық қозғалтқыштар	B1	Газтурбиналық қозғалтқыштар (ГТҚ)	Газтурбиналық қозғалтқыштардың үлгісі немесе тобы, әзірлеушілері, отбасылығы және/немесе орындалатын техникалық қызмет көрсету түрлері көрсетіледі		
	B2	Поршеньді қозғалтқыштар (ПК)	Поршеньді қозғалтқыштардың үлгісі немесе тобы, әзірлеушілері, отбасылығы және/немесе орындалатын техникалық қызмет көрсету түрлері көрсетіледі		
	B2	Қосалқы күш қондырғылары (ҚКҚ)	Қосалқы күш қондырғылары үлгісі немесе тобы, әзірлеушілері, отбасылығы және/ немесе орындалатын техникалық қызмет көрсету түрлері көрсетіледі		
Авиациялық марштық қозғалтқышты және жиынтықта қосалқы күш қондырғысынан басқа құрастырылған құрауыштар				Американың Әуе көлігі қауымдастығының коды	

	C1	Кабинадағы ауа қысымын баптау және реттеу жүйесі	Әуе кемесінің үлгісін және\ немесе құрауышын әзірлеушілері, не нақты құрауыштары және\немесе тоғысқан сілтемелер рәсімдер және\ немесе орындалатын техникалық қызмет көрсету түрлері бойынша нұсқаудағы өндірістік мүмкіндіктердің тізбесімен көрсетіледі	021
	C2	Автопилоттар		022
	C3	Байланыс және навигация жабдығы		023, 034
	C4	Есіктер мен люктер		052
	C5	Электр жабдықтау жүйесі		024
	C6	Тұрмыстық және арнайы жабдық		025, 038, 045
	C7	Қозғалтқыш және қосалқы күш қондырғыларының жүйесі		049, 071 бастап 083 бойынша
	C8	Әуе кемесін басқару жүйесі		027, 055, 057.40 бастап 057.70 бойынша
	C9	Отын жүйесі - планер		028
	C10	Тікұшақтардың тасушы бұрамалары		062, 064, 066, 067
	C11	Тікұшақтардың трансмиссиялары		063, 065
	C12	Гидрожүйелер		029
	C13	Құрал жабдықтар		031
	C14	Шассийлер		032
	C15	Оттегі жабдығы		035
	C16	Әуе бұрамалары		061
	C17	Пневможүйесі		036, 037
	C18	Мұздануға қарсы және өртке қарсы		026, 030
	C19	Терезелер		056
	C20	Планер конструкциясы		053, 054, 057.10, 057.20, 57.30
Арнайы жұмыс түрлері	D1	Бұзбайтын бақылау	Нақты жұмыстар немесе жұмыс түрлері және қызметтер көрсетіледі.	

Азаматтық авиацияның
авиациялық техникасына

техникалық қызмет көрсету
және оны жөндеу жөніндегі
ұйымды сертификаттау және
оған сертификат беру
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Сертификаттық зерттеп-қарау актісі

_____ қаласы _____ 20 ____ жылғы " ____ "

(азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның атауы)

20 ____ жылғы " ____ " _____ № ____ бұйрығына сәйкес

(ұйымның атауы)

Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу (АТ ТҚ және Ж)
жөніндегі ұйымды сертификаттық зерттеп-қарау жүргізді.

Нақты күйі: _____

Тұжырым: _____

Ұсыныс: _____

Қорытынды мәтіні: _____

Авиациялық инспектор: _____

Актімен таныстым:

АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым басшысы _____

— (қолы) Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда)

Азаматтық авиацияның
авиациялық техникасына
техникалық қызмет көрсету
және оны жөндеу жөніндегі
ұйымды сертификаттау және
оған сертификат беру
қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Түзету іс-қимылдарының жоспары

Тармақ	Нормативтік құқықтық актілерге талаптар	Сәйкессіздік	Жою мерзімі	Түзету іс-қимылы	Құжаттар	Жабу күні
--------	--	--------------	-------------	---------------------	----------	-----------

Ескертпе: тексерілетін авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі
ұйымның пікірлері мен жауаптары үшін сұр бояуы бар колонка жасалды.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйының лауазымды тұлғасы немесе оның уәкілеттік берген тұлғасы үшін баған :

Сәйкессіздіктерді жабу бойынша шешім қабылдау

Пікірлер

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Қолы:

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Күні:

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Азаматтық авиацияның
авиациялық техникасына
техникалық қызмет көрсету
және оны жөндеу жөніндегі
ұйымды сертификаттау және
оған сертификат беру
қағидаларына
8-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның атауы, мекенжайы, телефоны, e-mail, Интернет мекенжайы Наименование уполномоченной организации в сфере гражданской авиации Республики Казахстан, адрес, телефон, e-mail, Интернет адрес Name of Civil Aviation Authorized organization Republic of Kazakhstan Address, telephone, e-mail, the Internet address Сертификаттың жарамдылығын тану туралы рұқсаты Решение о признании действительным Сертификата Decision to Recognize a valid Certificate

Берілді

Выдано

Issued

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес және Қазақстан Республикасының сертификаттық талаптарының парапарлығы негізінде Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен _____

берілгенді жарамды деп таниды.

Согласно действующему законодательству Республики Казахстан и на основании адекватности сертификационных требований Республики

Казахстан уполномоченной организации в сфере гражданской авиации Республики Казахстан

Признает действительным выданный _____

According to the current legislation of the Republic of Kazakhstan and based on certification requirements of the Republic of Kazakhstan Recognizes the valid issued

Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу бойынша шетелдік ұйымдардың сертификаты.

Сертификат иностранных организаций по техническому обслуживанию и ремонту авиационной техники.

Certificate of foreign organization for maintenance and repair of aviation equipment.

Берілген мерзімі: 20__ж. _____

на период: до _____ 20__ г.

for a period of _____ 20__

Рұқсаттың жарамдылығы 20__ж. _____

Решение действителен до _____ 20__ г.

The conclusion is valid up to _____ 20__

мөр орны (бар болған жағдайда)

Уәкілетті ұйымның қызметшісі немесе ол уәкілеттік берген тұлғасы

место печати (при наличии)

Служащий уполномоченной организации либо лица, им уполномоченного

Stamp(in the presence) Employee authorized organization or Employee authorized by him

Берілген күні _____

Дата выдачи _____

Date of _____